

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрлау институты

Өнеркәсіптік инженерия кафедрасы

Жапаров Жанибек Рысбекулы

«Оймакілтекті біліктің өңделуінің технологиялық үрдісін жетілдіру»

Дипломдық жобаға

**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

5В071200 – Машина жасау

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрлау институты

Өнеркәсіптік инженерия кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

Кафедра меңгерушісі

PhD д-ф, қауым. профессор

\_\_\_\_\_ Арымбеков Б.С.

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2020 ж.

Дипломдық жобаға

**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Тақырыбы: «Оймакілтекті біліктің өңделуінің технологиялық үрдісін жетілдіру»

5B071200 – Машина жасау

Орындаған

Жапаров Жанибек Рысбекулы

Ғылыми жетекші,

\_\_\_\_\_ Кожая Еркін

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2020 ж.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрлау институты

Өнеркәсіптік инженерия кафедрасы

5B071200 – Машина жасау

**БЕКІТЕМІН**

Кафедра меңгерушісі

PhD д-ф, қауым. профессор

\_\_\_\_\_ Арымбеков Б.С.

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2020 ж.

**Дипломдық жоба орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Жапаров Жанибек Рысбекулы

Тақырыбы «Оймакілтекті біліктің өңделуінің технологиялық үрдісін жетілдіру»

Университет ректорының «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. №\_\_\_\_\_ бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берістері Оймакілтекті біліктің жасалу жолымен танысу

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Бастапқы деректерді сипаттау

б) Жобаның технологиялық бөлімі

в) конструкторлық бөлімі

г) АЖЖ арқылы есептеу бөлімі

Ұсынылған негізгі әдебиет: 14 атау

Дипломдық жобаны дайындау  
**КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәліметтер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Кіріспе. Дипломдық жұмыстың тақырыбын таңдаудағы негізі.		
Бастапқы деректерді сипаттау		
Жобаның технологиялық бөлімі		
Операцияларды ғылыми зерттеумен жетілдіру		
АЖЖ арқылы есептеу бөлімі		

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Норма бақылау			

Ғылыми жетекші \_\_\_\_\_ Кожа Еркін

Тапсырманы орындауға алған білім алушы \_\_\_\_\_ Жапаров Ж. Р.

Күні « \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2020 ж.

## АҢДАТПА

Берілген дипломдық жобада оймакілтекті білік өңдеудің технологиялық процессті жобалаудың жалпы көрінісі қарастырылады. Алынған мәліметтерге сай құрастыруға және өңдеуге техникалық талаптардың анализі жүргізіледі. Берілген шығару бағдарламасына сай өндірістің типі анықталынады, таңдау және дайындаманы жасау әдісінің негізделуі жүргізіледі. Тораптың құрастырылуының технологиялық сұлбасы жасалынады, сонымен қатар тетіктің жеке беттерінің маршрутты өңделуі және оны жалпы өңдеудің операциялық технологиялары жасалынады. Тетік өңдеуінің технологиялық процессін жобалаудың жолында технологиялық процессті нормалау орындалады, тетік жасалуының еңбексыйымдылығы және бұйым жасаудың жалпы еңбексыйымдылығы анықталынады. КОМПАС бағдарламасында 3Д білік моделі дайындалғанына қарамастан, жону білдектің беріліс қорабының оймакілтекті білігінің есебін жүргізілген, Shaft модулінде біліктің беріктігі мен шаршау беріктігін есептеліп, мәндері алынды. APM Studio-дегі оймакілтекті қосылысты есептелді. Жұмыс процесінде біліктер айтарлықтай жүктемелерді сынайды, сондықтан біліктердің оңтайлы геометриялық өлшемдерін анықтау кезінде анықтауға кіретін есептеулер кешенін орындау қажет:

- статикалық беріктігі,
- шаршау беріктігі,
- иілу және бұралу кезіндегі қаттылық.

Жоғары айналу жылдамдығы кезінде резонанстық аймаққа түсуді болдырмау үшін біліктің меншікті тербелістерінің жиілігін анықтау қажет. Ұзын біліктерді тұрақтылыққа тексереді.

## АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте рассмотрена общая картина проектирования технологического процесса и обработки шлицевого вала. На основе имеющихся данных проводится анализ технических требований на сборку и обработку. С учетом заданной программы выпуска определяется тип производства, производится выбор и обоснование метода изготовления заготовки. Разрабатываются технологические схемы сборки узла, так же маршрута обработки отдельных поверхностей детали и операционной технологии обработки ее, в общем. В ходе проектирования технологического процесса обработки детали, выполняется нормирование технологического процесса, определяется трудоёмкость изготовления детали и общей трудоёмкости изготовления изделия. Несмотря на то, что трехмерная модель вала была разработана в программе «Компас», был рассчитан вал вала редуктора, а модуль «Вал» измерял прочность и усталость вала. Соединение с маяком в APM Studio рассчитано. В процессе работы валы испытывают значительные нагрузки, поэтому при определении оптимальных геометрических размеров валов необходимо выполнить комплекс расчетов, входящих в определение:

- статическая прочность,
- прочность усталости,
- жесткость при изгибе и кручении.

Для предотвращения попадания в резонансную зону при высокой скорости вращения необходимо определить частоту удельных колебаний вала. Длинные валы проверяют на стабильность.

## ANNOTATION

In this diploma project, the overall picture of the process design and processing of the spline shaft is considered. Based on the available data, the technical requirements for Assembly and processing are analysed. Considering a particular program of production is determined by the type of production, is the choice and justification of the method of manufacture of the workpiece. Technological schemes of Assembly of the unit are developed, as well as the route of processing of individual surfaces of the part and its operating technology, in General. During the design of the technological process of processing of the part, the normalization of the technological process is performed, the complexity of manufacturing the part and the total complexity of manufacturing the product is determined. Despite the fact that the three-dimensional model of the shaft was developed in the program "Compass", was calculated shaft gearbox, and the module "Shaft" measured the strength and fatigue of the shaft. The connection to the beacon in APM Studio is calculated. During operation, the shafts experience significant loads, so when determining the optimal geometric dimensions of the shafts, it is necessary to perform a set of calculations included in the definition:

- static strength,
- fatigue strength,
- bending and torsional rigidity.

To prevent falling into the resonance zone at high speed, it is necessary to determine the frequency of specific vibrations of the shaft. Long shafts check for stability.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9
1 Бастапқы деректерді сипаттау	10
1.1 Тетіктің қызметтік белгіленуінің талдауы	10
1.2 Тетіктің технологиялық талдауы. Тетіктің материалына талдау жасау	10
2 Жобаның технологиялық бөлімі	12
2.1 Технологиялық үрдісті дайындаудағы стратегияны таңдау	12
2.2 Технологиялық маршрутты дайындау	12
2.3 Технологиялық жабдықтаудың құралдарын таңдау	14
2.4 Кесу режимі мен машиналық уақытты анықтау есебі	17
3 Конструкторлық бөлім	23
3.1 Қондырғының сипаты мен орнату сұлбасы	23
3.2 Қондырғының күштік есебі	23
3.3 Қондырғының дәлдікке есептеу	24
4 Операцияларды ғылыми зерттеулермен жетілдіру	26
4.1 Зерттеудің мақсаты	26
4.2 Кесу үрдісіне қосымша жоңқақопарғыштың әсер етуін зерттеу	26
4.3 Ғылыми зерттеулердің нәтижесі бойынша тұжырымдар	29
5 АЖЖ арқылы есептеу бөлімі	30
5.1 Біліктерді есептеу кезінде пайдаланылатын өлшемдер	30
5.2 Статикалық беріктікті есептеу	30
5.3 Шаршау кедергісі білігін есептеу	31
5.4 Біліктің динамикалық сипаттамаларын есептеу	32
5.5 Оймакілтекті білікті есептеу	32
5.6 АРМ Studio-дегі шлицті қосылысты есепт	36
Қорытынды	38
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	39



## КІРІСПЕ

Дипломдық жұмыста оймакілтекті білікті механикалық өңдеу технологиялық үдісіне және оған қойылатын техникалық шарттарға талдау жасалған. Оймакілтекті біліктің конструкциясының технологиялылығы тексеріліп, дайындамаға таңдау жасалған. Кесу режимі есептеледі.

Машинажасаудағы техникалық өркендеу тек қана машинаның конструкциясының жақсаруымен ғана емес, сонымен бірге өнімді құрау технологиясының үздіксіз дамуымен мінезделеді.

Өндірісті ұйымдастыру жұмыстары мен экономикалық тиімділігі есептелініп, нақты берілген шарттарға сәйкес жинау және механикалық өңдеу жұмыстарының тиімді түрлері анықталады. Керекті есептеу жұмыстары жүргізіліп, цехтың және жалпы зауыттық шығындардың сметасы және бастиек тұрқы мен машинасының өзіндік бағасының жоспарлық калькуляциясы жасалды. Жобаның экономикалық тиімділігін есептеу нәтижелері технико-экономикалық кестеде көрсетілген.

Берілген тапсырмаға сәйкес еңбек пен қоршаған ортаны қорғау шаралары талданып қажетті жобасы жасалады.

Халық шаруашылығының барлық салаларына жаңа техника дайындайтын машинажасау өндірісі Республиканың техникалық дамуына және қоғамның материалдық базасын жасауға шешуші ықпалын тигізеді. Сондықтан машинажасау өндірісінде әрқашанда зор маңыз аударылған.

Қазіргі уақыттың негізгі мақсаты ол Республика азаматтарының тұрмыс жағдайын көтеру, ғылыми-техникалық дамуды үдету және экономиканы қарқынды даму жолына қою болып табылады. Бұл мақсатты орындау үшін өндірісті қайта құралдандыруды қарқындарды, жоғары өнімді машиналар мен құралдарды жобалау және шығару, прогрессивті технологияларды өндіріске енгізу жұмыстары маңызды орындалады. Осыған байланысты жаңа әсерлі технологиялық процесстерді жобалау, меңгеру және енгізу, бұйымдардың металсиымдылығын азайту, өндірістік процесстерді механикаландыру және автоматтандыру жұмыстарына ерекше назар аудару керек.

Жоғары прогрессивті технологияны меңгеру арқылы ғана дүниежүзілік стандарттарының талаптарына сәйкес өнімдер шығарылуы мүмкін.

## **1.Бастапқы деректерді сипаттау**

### **1.1. Тетіктің қызметтік белгіленуінің талдауы**

Оймакілтекті білік әмбебеп-фрезерлі білдектің берістер қорабы құрамына кіреді. Оның негізгі тағайындалуы- ойық кілтектің бүйір беті және оймакілтектің бүйір бетінің көмегімен жетекші біліктің тісті доңғалақтығының айналу кезіне берілісі болып табылады.

Білік корпуста типті сызба түрінде орнатылады, яғни біліктің мойына орнатылатын екі шарлы мойынтіректің көмегімен.

Жұмыс жағдайы агрессивті емес, себебі жұмыс жағдайында оймакілтекті білік жабық корпуста орналасады, ал шарлы мойынтіректі майлау консольды майлау арқылы жүзеге асырылады.

### **1.2. Тетіктің технологиялық талдауы. Тетіктің материалына талдау жасау**

Болат 40ХГ МЕСТ 4543-73. Химиялық құрамы [1]:0,36-0,44%С, 0,8-1,1%Cr, 0,8-1,1%Mn, 0,3%Cu, 0,3%Ni%, 0,035%S, 0,035%P, 0,17-0,37%Si. Төзілділігі  $\sigma_B$  жеткізілу жағдайында 780 МПа дейін, ал суарудан кейін 1000 МПа. Материалдын механикалық сипаттамасы оның жұмысына берілген шарттарға толығымен жауап береді.

Тетіктің берілген қаттылығына жету үшін термиялық өңдеу қажет. Тетіктің материалын ескере отырып оны орындауда қандайда бір арнайы жағдайды қажет етпейді және типті техникалық үрдіс арқылы орындалынады.

Кесу өңделімділігі, материал өңделіп шығуының бағалау коэффициенті КО қатты қорытпалы құралмен жөндегенде 0,8 және КО тезкескіш құралмен жөндегенде 0,7 құрайды [2].

Бұл көрсеткіштер тиімді болып табылады, демек, ешқандай арнайы қымбат тұратын инструменталды материалды қолдану керексіз.

Оймакілтекті біліктің дайындамасын сыққыш құралында прокаттан немесе қалыптау арқылы алуға болады. Бұл екі жағдайда да дайындаманың пішіні және оның элементтері айтарлықтай қарапайым болып келеді. Бірақта, берілген дәлдікті дайындау операциясының бетінде қол жеткізу мүмкін емес. Сондықтан барлық бетін механикалық жөндеу керек.

Тетіктің конструкциялық технологиялығын талдап көрейік.

Оймакілтекті білік сатылы кескіндемеге ие, яғни бұл тетікті типке сай. Сонымен қатар сатылар диаметрі тетіктің ортасынан азаймалы болып келеді.

Мұндай кескіндеме тетіктің бетінен максимальды мөлшерде жөндеуді бірінше орнатудан орындауға мүмкіндік береді.

Тетіктің кескіндемесінде біріздендірілген элементтер кездеседі, олар орталық тесік, дөңгелектеу радиусы және қиықжиегі. Бұл элементтерді жөндеу стандартталған кескіш құралмен жасалынады.

Тетіктің конструкциясына келтірілген талдаудан, бұл тетікті жөндегенде әмбебап жабдықты, жабдықтау, құрал және бақылау – өлшеу аспаптарын қолданған жөн деп айтуға болады.

Сондықтан, тетіктің конструкциясын технологиялық деп есептеуге болады.

Тетікті негіздеу және бекітуді талдап көрейік.

Негіздің алғашқы жазбасының технологиясы ретінде құрылмалық базаның негізін (ең қолайлы нұсқа) немесе басқа да мойын және ойық деп санауға болады.

Негіздің таза технологиясы ретінде цилиндрлі бетті немесе арнайы жасалған орталық тесік (ең қолайлы нұсқа) деп санауға болады.

Сонымен қатар, тетіктің өлшеуіш негізін технологиялық база ретінде қолдануға болады, яғни жөндеудің дәлділігіне ойдағыдай әсер етеді деп айтуға болады.

Тетікті негіздеуге және бекітуге келтірілген талдаудан тетік жоғары технологиялық деген тұжырым жасауға болады.

Жөнделетін беттердің технологиялылығын талдап көрейік.

Механикалық жөндеуге барлық бетті түсіруге тура келеді, себебі дайынау операциясы беттің берілген дәлдігін қамтамасыз етпейді.

Тетік бетінің дәлділігін және кедір – бұдырлығын білік жұмысының шарттарымен анықталынады, сондықтан бұл параметрді өзгерту мүмкін емес.

Оймакілтекті біліктің конструкциясында жырашықтар ойластырылынған, яғни әртүрлі дәлділік сипаттамалармен беттерді бөлуге және кескіш құралын кесу аймағынан шығуды қамтамасыз етеді.

Осылайша, жөнделген беттердің жоғары технологиялылығы жөнінде тұжырым жасауға болады.

## **2 Жобаның технологиялық бөлімі**

### **2.1 Технологиялық үрдісті дайындаудағы стратегияны таңдау**

Технологиялық үрдісті дайындаудағы стратегия өндіріс типтеріне байланысты. біздің жағдайда өндіріс типі орта сериялы.

Осыны ескере отырып келесілерді қолданған жөн [4]: жүйелі стратегия түрі және технологиялық үрдісті ұйымдастырудың топтық түрі. Бұйымдарды шығару дүркін – дүркін қайталама топтамаларда шығарылады.

Дайындаманы жобалаған кезде прокат және қалыптау тәсілдеріне артықшылық көрсеткен жөн. Соңғы жөндеу тәсілін таңдауда салыстырмалы шығын коэффициентіне талдау жасау керек. Өндіріс типін ескере отырып, жөндеудегі әдіп болар – болмас болуы керек, ал оларды мағынасын анықтау кестелік тәсілмен жүргізілуі керек. Ең нақты беттер өткелдердегі әдіптерді анықтауда қолданылады. Жөндеудің дәлділігі дәлденген жабдық жұмысының тәсілімен қамтамасыз етілінеді. Белсенді бақылау енгізілуі мүмкін. Жабдықты баптау өлшеуіш құралдармен және аспаптармен жүзеге асырылады.

Технологиялық үрдіс типті негізде өндіріледі. Сонымен қатар маршрутты технология зерттеледі. Ең күрделі операцияларға маршрутты – операциялы технология қолданылады. Маршрутты қалыптастыру кезінде экстенсивті қағида, ал қалған жағдайларда интенсивті концентрация операциясы қолданылады. Кесу тәртібін анықтау жалпы машина жасаудың нормаларымен жүргізіледі, ал бөлек жағдайда эмпирикалық формуламен жүргізіледі. нормалау тәжірибелік – статистикалық мөлшермен орындалынады. Технологиялық жабдықтауға келесілерді қолданған жөн: әмбебап және жабдықталған СББ жабдығын; әмбебап, стандартты, әмбебап – құрама, басқа жағдайда арнайы білдікті құралды және арнайы кескіш құралдар; әмбебап, жеке жағдайда жетілдірілген бақылау құралы. Жабдықтың мүмкіншілігін ескере отырып мүмкіншілігінше бір уақытта бірнеше бетке жөндеу жүргізілген дұрыс.

Жабдықтар аумақта білдектердің типтері бойынша орналасады. Жұмыскерлердің біліктілігі едәуір жоғары, себебі жабдықты қайта баптау айтарлықтай жиі болады, ал көбінесе жұмысты сыналатын жүріс және өлшеу тәсілімен жүргізіледі.

### **2.2 Технологиялық маршрутты дайындау**

Жөндудің маршрутын дайындаған кезде операциялардың мазұны өткелдерді байыту қағидасын ескере отырып жоспарланады, яғни жөндеудің өнімділігін және дәлділігін арттырады.

Негіздеу сызбасы дайындаған кезде негіздің тұрақтылық қағидасын қолданамыз, яғни негіздеудің нөлдік қателікгін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар негіздің технологиялық және өлшеуіштік қосылған қағидасын қолдануға тырысамыз. Дайындаманың беті, яғни таза технологиялық негіз ретінде қолданылады, бірінші операцияда механикалық жөндеу жүргізіледі. Сонымен бірге, бірінші нұсқалық технологиялық негіздің дайындамасын тек бірінші операцияда негіздеу үін қолданамыз. Жеткілікті қаттыдықты қамтамасыз ету үшін термиялық өңеу керек, жөндеуді термиялық өңдеуге дейін ұстаралы құралмен және термиялық өңдеуден кейін түрпілі құралмен орындаған жөн. Жөндеу маршрутын 2.1 кесте түрінде көрсетеміз.

2.1 кесте. Жөндеудің технологиялық маршруты

№	Жөндеу тәсілі	Жөнделетін беттер	№ операция	Операция аттары
1	Фрезерлеу	3, 21	005	Фрезерлі орталықтандыру
2	Бұрғылау	19, 20, 22	005	Фрезерлі орталықтандыру
3	Қайрау	2, 5, 7, 12, 13	010	Жону
4	Қайрау	14	015	Жону
5	Қайрау	2, 4, 5, 7, 11, 12, 13	020	Жону
6	Бұранды ою	2	020	Жону
7	Қайрау	14, 17, 18, 19	025	Жону
8	Ойық кілтекті фрезерлеу	9, 10	030	Ойық кілтекті фрезерлеу
9	Оймакілтекті фрезерлеу	15, 16	035	Оймакілтекті фрезерлеу
10	Термиялық жөндеу	Барлығы	040	Термиялы
11	Орталық тегістеу	20, 22	045	Орталық тегістеу
12	Тегістеу	7, 12	050	Қапталды дөңгелек

				ажарлау
13	Тегістеу	13, 14	055	Дөңгелек ажарлау
14	Тегістеу	6, 7, 8, 12	060	Қапталды дөңгелек ажарлау
15	Тегістеу	13, 14	065	Дөңгелек ажарлау
16	Тегістеу	19	070	Ішкі ажарлау
17	Тегістеу	19	075	Ішкі ажарлау
18	Тегістеу	15	080	Оймакілтекті ажарлау
19	Жуу	Барлығы	085	Жуу
20	Бақылау	Барлығы	090	Бақылау

Жөндеудің маршрутының негізінен тетікті жөндеудің жоспарын қалыптастырамыз, өзімен бірге оның графикалық кескінін қамтиды. Онда әр операцияға жабдықтар түрлері, негіздеу сызбалары және технологиялық талаптар келтірілген. Жөндеу доспары дипломдық жұмыстың графикалық бөліміне кіреді.

### **2.3 Технологиялық жабдықтаудың құралдарын таңдау**

Осы этапта әр операцияға жабдық, кескіш құрал және бақылау құралын таңдауды орындау болып табылады.

Металлрескіш құралды таңдауда техникалық сипаттамаларды салыстыру негізінде жүргеземіз, яғни білдектің өнімділігі, дәлдігі, габариті, қуаттылығы. Операцияға қойылатын талаптарды орындауды қамтамасыз ету үшін минимальды жеткіліктілік қағидасы орындалуы керек. Сонымен қатар операциядағы өткелдердің минимальды байытуын қамтамасыз ету керек. Білдектің жүктеуі жеткіліксіз болған жағдайда, оның техникалық сипаттамасы осы аумақтағы басқа тетікті жөндеуге мүмкіндік беру керек.

Өндірістің сериялы екенін ескере отырып, осы жағдайда СББ білдектеріне және жөндеу орталықтарына артықшылық танытқан дұрыс. Сонымен қатар мамандандырылған білдектер, икемді технологиялық

модульдер және икемді дағдалы сызықты қолдануға болады. Әрбір білдекте айына белгілі заңдылықтармен тетіктерді өзгерту операциялары 40 – тан көп емес орындалу керек.

Егер операция үшін білдектің бірнеше нұсқалары бар, ал соңғы таңдау үшін олардың бағаларын және басқа да экономикалық көрсеткіштерін салыстыру керек.

Жабдықтарды таңдаудың мәліметтерін 2.2 кестеге енгіземіз.

Операция №	Операция аты	Операция мағынасы	Жөнделетін беттер	Дәлдік дәрежесі	Жабдықтың үрі, моделі
1	2	3	4	5	6
005	Фрезерлі – центрлі	Кесіктерді фрезерлеу	3, 21	12	Фрезерлі – центрлі XZK8230
		Орталық саңылауды бұрғылау	19, 20, 22	9	
010	Токарлі СББ	Мойынды, кесікті қайрау	2, 5, 7, 12, 13	12	Токарлы – бұрама жасайтын СББ TNC - 10
015	Токарлі СББ	Мойынды, кесікті қайрау	14	12	Токарлы – бұрама жасайтын СББ TNC - 10
020	Токарлі СББ	Мойынды, кесікті қайрау	2, 4, 5, 7, 11, 12, 13	10	Токарлы – бұрама жасайтын СББ TNC - 10
025	Токарлі СББ	Мойынды, кесікті қайрау	14, 17, 18, 19	10	Токарлы – бұрама жасайтын СББ TNC - 10
030	Фрезерлі	Ойық кілтекті	9, 10	9	Тіке – фрезерлі FV 321M

		фрезерлеу			
035	Оймакілтек фрезерлі	Оймакілтек ті фрезерлеу	15, 16	10	Оймакілтек фрезерлі ВСН – 620 NC22
040	Термиялық				
045	Орталық ажарлағыш	Орталық саңылауды қырнау	20, 22	8	Орталық ажарлағыш 3925
050	Ажарлағыш	Мойынды, кесікті қырнау	7, 12	8	Дөңгелек кесікті – ажарлағыш JHU – 2710
055	Ажарлағыш	Мойынды қырнау	13, 14	8	Дөңгелекті ажарлағыш JHU – 3510NC/1
060	Ажарлағыш	Мойынды, кесікті қырнау	6, 7, 8, 12	6	Дөңгелек кесікті – ажарлағыш JHU – 2710
065	Ажарлағыш	Мойынды қырнау	13, 14	6	Дөңгелекті ажарлағыш JHU – 3510NC/1
070	Ажарлағышішілік	Саңылауды қырнау	19	8	Ажарлағышішілік JHU – 150 NC
075	Ажарлағышішілік	Саңылауды қырнау	19	6	Ажарлағышішілік JHU – 150 NC
080	Оймакілтек ажарлағыш	Оймакілтек ті қырнау	15	8	Оймакілтек ағарлағыш 3450
085	Бақылау				
090	Жуу				



## 2.4 Кесу режимі мен машиналық уақытты анықтау есебі

Операция: жону операциясының есебі.

Станок: центрлей бұрғылау - жоңғылау станогы мод. МР-76

Қондырма: призма МЕСТ 16643-63\*

Кесу құралы: кескіш Т5К10=68мм, z=16 МЕСТ 1092-80

Қосымша құрал: құралбілік 6462-0098 МЕСТ 12643-83.

Өлшеу құралы: ШЦ I-135 МЕСТ 169-88.

### Кесу тереңдігін анықтау.

t=2,25мм, ол әдіп мәніне тең.

### Берілісті анықтау.

Қатты қорытпалы шетжақтаулы фрезамен қаралай жоңғылау үшін беріліс [33 кесте, 283 бет, 2.] бойынша алынады. Ол станоктын қуаты мен өңделетін материалға және қатты қорытпа маркасына байланысты табамыз. Қатты қорытпа маркасы Т5К10 деп алсақ, ал материал бастапқы мәлімет бойынша Болат 45, станоктын қуаты шамамен 10 кВт теңестіреміз; Сонда беріліс мына аралыққа 0,4-0,5 мм/тіс тең. Біз осы аралықтың орташа мәні 0,45 мм/тіс алайық.

### Кесу жылдамдығын анықтау

$$v = \frac{C_V}{T^{m_t} x_s y_z} K_V = \frac{350}{45^{0,2} \cdot 2,25^{0,15} \cdot 0,45^{0,35}} 0,92 = 176,1 \text{ м/мин.}$$

Мұндағы  $K_v = K_{iv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv}$  жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті. Өңделетін материалдың сапасын (физико - механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті. [1-4 кесте, 262 бет, 2.]

$$K_{nv} = \left( \frac{750}{\sigma_B} \right)^{n_v} \cdot K_T = \left( \frac{750}{610} \right)^1 = 1,23$$

Кесте [2 кесте, 262 бет, 2.] бойынша коэффициенті  $K_T = 1$  мен  $n_v = 0,8$  дәреже көрсеткішін табамыз. Дайындаманың бет қалыпын әсерін ескеретін коэффициент. [5 кесте, 263 бет, 2.]

$$K_{nv} = 0,8 - 0,85$$

Сонда жалпы түзету коэффициенті.

$$K_v = 1,23 * 0,8 * 0,65 * 1,7 * 0,9 * 0,94 = 0,92$$

Тұрақтылық периоды фреза диаметріне байланысты таңдаймыз ф45 фреза үшін  $T=45$  мин. [40 кесте, 290 бет, 2.]

$C_v=350$  коэффициенті мен  $x=0.15$ ,  $y=0.35$ ,  $m=0.2$  дәрежелері [39 кесте, 286 бет, 2.] T15K6 қаттықорытпалы кескіш үшін берілген.

**Шпиндельдің айналу санын анықтау.**

$$n = \frac{1000v}{\pi D} = \frac{1000 \cdot 176,1}{3,14 \cdot 50} = 1246,2 \text{ айн/мин.}$$

Станок паспорты бойынша түзетеміз

$$n_0 = 1240 \text{ айн/мин.}$$

Нақты кесу жылдамдығын табамыз.

$$v_a = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = \frac{3,14 \cdot 50 \cdot 1240}{1000} = 175,21 \text{ м/мин.}$$

**Минуттық берілісті анықтаймыз.**

$$S_m = S_z \cdot z \cdot n_0 = 0,15 \cdot 16 \cdot 1246 = 2990,4 \text{ мм/мин.}$$

**Кесу күшін анықтау.**

$$P_z = 10C_p t^x S_z^y v^n K_p = 10 \cdot 339 \cdot 2,15 \cdot 0,45^{0,5} \cdot 175,21^{-0,4} \cdot 0,856 = 554,67 \text{ Н.}$$

$C_p = 339$  коэффициенті мен  $x=1$ ,  $y=0.5$ ,  $n=0.4$  дәрежелер көрсеткіштерін [41 кесте, 291 бет, 2.] кестеден аламыз. Өңделетін материалдың сапасын (физико - механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті. [9 кесте, 264 бет, 2.]

$$K_{MP} = \left( \frac{\sigma_B}{750} \right)^{0,3} = \left( \frac{610}{750} \right)^{0,75} = 0,856$$

**Айналу моменті.**

$$M_{кр} = \frac{P_z D}{2 \cdot 100} = \frac{554,67 \cdot 45}{2 \cdot 100} = 124,8 \text{ Нм.}$$

**Кесу режиміне қажетті қуатты іздейміз.**

$$N_e = \frac{P_z v}{1020 \cdot 60} = \frac{554,67 \cdot 175,21}{1020 \cdot 60} = 1,58 \text{ кВт.}$$

**Операцияның негізгі уақытын есептеу.**

$$T_o = \frac{L_{px}}{S_m} \cdot t = \frac{50}{1240} \cdot 0,45 = 0,06 \text{ мин.}$$

Операция: жону операциясының есебі. (қаралай) Станок: жону станогы мод. 1А832 Қондырма: үш құлақты қысқыш МЕСТ 16533-68\*, Қысу бұрандалары МЕСТ 14436-64\* Кесу құралы: Кескіш 2142-0150 МЕСТ 9795-84. Қосымша құрал: Құралбілік 6300-0896 МЕСТ 21225-75. Өлшеу құралы: ШЦ I-135 МЕСТ 169-88.

**Кесу тереңдігін анықтау:**  $t=1$  мм, ол әдіп мәніне тең.

**Берілісті анықтау:** Қаралай жону кезінде [12 кесте, 267 бет, 2.] кесте бойынша кесу тереңдігіне байланысты алынады:  $S=0.5$  мм/айн

**Кесу жылдамдығын анықтау:**

$$v = \frac{C_V}{T^m t^x S^y} K_V = \frac{350}{60^{0.2} \cdot 1^{0.15} \cdot 0.5^{0.35}} 1 = 218.7 \text{ м/мин.}$$

Мұндағы коэффициент  $K_v = K_{iv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv}$  жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті. Өңделетін материалдың сапасын (физико - механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті. [1-4 кесте, 262 бет, 2.]

$$K_{nv} = \left( \frac{750}{\sigma_B} \right)^{n_v} \cdot K_T = \left( \frac{750}{610} \right)^{0.75} = 0.88$$

Кесте [2 кесте, 262 бет, 2.] бойынша коэффициенті  $K_T = 1$  мен  $n_v = 1.75$  дәреже көрсеткішін табамыз. Дайындаманың бет қалыпын әсерін ескеретін коэффициент:  $K_{nv}=1$  [5 кесте, 263 бет, 2.]. Кескіштің материалының әсерін ескеретін коэффициенті:  $K_{uv}=1.15$ [6 кесте, 263 бет, 2.]. Пандағы бұрыштың әсерін ескеретін коэффициент:  $K_\varphi=1$ [18 кесте, 271 бет, 2.]. Кескіш радиусының әсерін ескеретін коэффициенті:  $K_r=1$ [18 кесте, 271 бет, 2.]. Сонда жалпы түзету коэффициенті:  $K_v=0,88 \cdot 1 \cdot 1.15 \cdot 1 \cdot 1=1$ .

$C_v=350$  коэффициенті мен  $x=0.15$ ,  $y=0.35$ ,  $m=0.2$  дәрежелері [17 кесте, 269 бет, 2.] кестеде берілген. Тұрақтылық периоды  $T=60$ . [268 бет, 2.]

**Шпиндельдің айналу санын анықтау.**

$$n = \frac{1000v}{\pi D} = \frac{1000 \cdot 218.7}{163.28} = 1339 \text{ айн/мин.}$$

Станок паспорты бойынша түзетеміз.

$$n_a = 1250 \text{ айн/мин.}$$

Нақты кесу жылдамдығын табамыз.

$$v_a = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = 204.1 \text{ м/мин.}$$

**Кесу күшін анықтау.**

$$P_z = 10C_p t^x S^y v^n K_\delta = 10 \cdot 300 \cdot 1^1 \cdot 0.5^{0.75} \cdot 204.1^{-0.15} \cdot 0.744 = 1556 \text{ Н.}$$

$C_p=300$  коэффициенті мен  $x=1$ ,  $y=0.75$ ,  $n=-0.15$  дәрежелер көрсеткіштерін [22 кесте, 273 бет, 2.] кестеден аламыз. Мұндағы  $K_p = K_{MP} \cdot K_{\phi p} \cdot K_{\gamma p} \cdot K_{\lambda p} \cdot K_{\tau p} = 0.744$  жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

$$K_{MP} = \left( \frac{\sigma_B}{750} \right)^{0.75} = \left( \frac{610}{750} \right)^{0.75} = 0.8 \text{ [9 кесте, 264 бет, 2.]}$$

$$K_{\phi p} = 0.89$$

$$K_{\gamma p} = 1$$

$$K_{\lambda p} = 1$$

$$K_{\tau p} = 0.93$$

**Кесу режиміне қажетті қуатты іздейміз.**

$$N_e = \frac{P_z v}{1020 \cdot 60} = \frac{1556 \cdot 204.1}{1020 \cdot 60} = 6.6 \text{ кВт.}$$

**Операцияның негізгі уақытын есептеу.**

$$\dot{O}_i = \frac{L_{px}}{n \cdot s} \cdot v = \frac{90.9}{1250 \cdot 0.5} \cdot 1 = 0.145 \text{ с.}$$

Операция: жону операциясының есебі. (қаралай)

Станок: жону станогы мод. 1A832

Қондырма: үш құлақты қысқыш МЕСТ 16533-68\*, Қысу бұрандалары МЕСТ 14436-64\*

Кесу құралы: Кескіш 2142-0150 МЕСТ 9795-84

Қосымша құрал: Құралбілік 6300-0896 МЕСТ 21225-75

Өлшеу құралы: ШЦ I-135 МЕСТ 169-88.

**Кесу терендігін анықтау:**  $t=2$  мм, ол әдіп мәніне тең.

**Берілісті анықтау:** Қаралай жону кезінде [12 кесте, 267 бет, 2.] кесте бойынша кесу терендігіне байланысты алынады:  $S=0.8$  мм/айн

**Кесу жылдамдығын анықтау:**

$$v = \frac{C_V}{T m_t x_s^y} K_V = \frac{340}{45^{0.2} \cdot 2^{0.15} \cdot 0.8^{0.45}} \cdot 0.88 = 139.24 \text{ м/мин.}$$

Мұндағы коэффициент  $K_v = K_{mv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv}$  жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті. Өңделетін материалдың сапасын (физико - механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті. [1-4 кесте, 262 бет, 2.]

$$K_{mv} = \left( \frac{750}{\sigma_B} \right)^{n_v} \cdot K_T = \left( \frac{750}{610} \right)^{0.75} = 0.88$$

Кесте [2 кесте, 262 бет, 2.] бойынша коэффициенті  $K_T = 1$  мен  $n_v = 1.75$  дәреже көрсеткішін табамыз. Дайындаманың бет қалыпын әсерін ескеретін коэффициент:  $K_{nv} = 1$  [5 кесте, 263 бет, 2.]. Кескіштің материалының әсерін ескеретін коэффициенті:  $K_{uv} = 1$  [6 кесте, 263 бет, 2.]. Пандағы бұрыштың әсерін ескеретін коэффициент:  $K_\phi = 1$  [18 кесте, 271 бет, 2.]. Кескіш радиусының әсерін ескеретін коэффициенті:  $K_r = 1$  [18 кесте, 271 бет, 2.]. Сонда жалпы түзету коэффициенті:  $K_v = 0,88 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1 = 0,88$

